

БД021300 - Лингвистика» мамандығы бойынша филология докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Избасарова Эльвира Иманалиевна
«Шокан Уәлихановтың тілдік тұлғасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (сөкертуді күрейнпен көрсету)
Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағыттын көрсету) келеді.</p>	<p>«Шокан Уәлихановтың тілдік тұлғасы» атты диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес орындалған:</p> <p>- Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы</p> <p>- ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер.</p> <p>2) Диссертациялық жұмыс 1), 2) көрсетілген бағдарламаларға сәйкес арнайы орындалмаған.</p> <p>3) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді: 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж).</p>	<p>Диссертант Э.Избасарова тілдік тұлға, тілдік тұлғаның әмбебап жұмсалымды категория ретіндегі ғылыми идеяларын терендетіп, лингвотұлғатаным, дискурсология және когнитология мәселелерін одан әрі дамытуға белгілі бір</p>
Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.		

		дәрежеде үлес қосады.
Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: жоғары; 2) орташа; 3) төмен; өзі жазбаған.	Эльвира Избасарованың өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидағтары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жаптық. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделеген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі.
Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі негізделген (7-бет). Ш.Уәлихановтың ғылыми мұрасын тілдік тұнға тұрғысынан зерттеу, біріншіден, тілдік тұнғаның ерекшеліктерін айқындау, сондай-ақ ғылыми мәтіндерінен көрінетін даралық стилінен басқа, сол кездегі қазақ қоғамындағы озық ойлы зиялылардың сөзжұмсамына тән, олардың мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі ортақ белгілерін анықтау, зиялылар тілдік тұнғалардың идиостилин зерттеу мәселелері тақырыптың өзектілігін айқындайды.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындалмайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (10-11 беттер). Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да Ш. Уәлихановтың даралық стилін айқындау мен ғалымның тілдік тұнғасы құрылымының кейбір ерекше белгілері мен сипаттамаларын қайта жаңғырту мәселелерін зерттеуге бағытталған.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді (7-бет). Диссертациялық жұмыстың мақсаты – Ш. Уәлихановтың даралық стилін айқындау және ғалымның тілдік тұнғасы құрылымының кейбір ерекше белгілері мен сипаттамаларын қайта жаңғырту. Аталған мақсаттар мен оған қол жеткізудегі міндеттер жұмыста нақты тұжырымдалған

		және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген.
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p><u>толық байланысқан:</u></p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық толық байланысқан. Диссертацияның 12-37 беттер аралығын қамтитын 1-тарауды тілдік тұрғының негізгі белгілері мен «Тілдік тұлға» категориясының тілтаным ғылымындағы сипатының зерттелуінен бастап, Шокан Уәлиханов тілдік тұлғасының қалыптасуы мен оның жүйе ретіндегі сипатына құрылған. Бұл – теориялық жағы болса, оның практикалық қыры келесі тарауларда қарастырылған. Яғни 52-119 беттер аралығында нақты диссертация нысаны Ш. Уәлиханов ұлттық элитарлық тілдік тұлғасының басты белгілері, қазіргі тіл біліміндегі тілдік тұлға категориясының жіктеліміндегі ғылымның тілдік тұлғасының орны, тілдік тұлға концептосферасы ұғымы, анықталған, қорытынды ұсыныстар берілген. Осының негізінде диссертацияны бір-бірінен туындайтын өзара толық байланысқа құрылған зерттеу жұмысы деп бағалауға болады.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><u>сыни талдау бар:</u></p> <p>талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Жұмыс авторы Э.Избасарова ұсынған шешімдер тақырыпқа қатысты бірнеше ғылыми-теориялық тұжырымдарды талдай отырып, оларды салыстырып, өзіндік сыни талдауы негізінде өзіндік ой қорыту жасаған. Мәселен, «тілдік тұлға» «сөздік тұлға», «коммуникативтік тұлға», «сөйлеуші тұлға», «сөздік портрет» «сөздік имидж», «идиостиль» сияқты бірқатар ұғымдар қалыптасқанын дәйектей келіп, «тілдік тұлға» деген терминнің қолданылғаны дұрыс екенін анықтайды (12-бет). Шокан Уәлиханов тілдік тұлғасы қалыптасуының жүйе ретіндегі көрінісін ұсына отырып, Ғалымның негізгі тұжырымдарының бірі: қазақ руханияты мен қазақ менталитетінің өзіндік ерекшелігі оның ең маңызды бөлігінде жалпытүркілік рухани дамуының ең жоғары формасы ретінде ұсынылуын (92-96 бб.), соныммен қатар</p>

		<p>Ш. Уәлихановтың дискурсындағы прецеденттік мәтіндердің ең жиі өзекті салаларының бірі – тарих, прецеденттік феномендердің негізін құрайтын бинарлы тірсеімдерді (ак пен кара, жақсы мен жаман, көк тәңірі мен жер рухы, өлі мен тірі) сыни тұрғыдан дәлелдейді (101-107 бб.).</p>
<p>Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? <u>Толығымен жаңа:</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа. Диссертант Э.Избасарова өзінің жұмысында 5 тұжырым ұсынады: – Ш. Уәлихановтың тілдік тұлғасының қалыптасуы бағалық шартындағы сөйлеу тәжірибесінің әсеріне, өскен әлеуметтік-мәдени ортасының игі ықпалына, орыс және қазақ зияткерлік элитасының өкілдерімен тығыз араласуына байланысты болуы; – Ш. Уәлихановтың ғылыми шығармашылығының феномені – тезаурустың толықтығы мен күрделілігімен, интертекстуалдылығымен, реципиентке назар аударуымен және сөйлеу құрылымдарының прецеденттілігімен сипатталуы; – Ш. Уәлихановтың тілдік тұлғасы – ғылыми ойлаудың негізгі құралы сөзді орынды, тиімді, ұтымды пайдалана білетін ғалымның эмбебап және элитарлық түрі; – Ұлттық-мәдени мәнмәтін – Ш. Уәлиханов дискурсын қалыптастырудың негізгі факторы екендігі; – Ш. Уәлиханов ғылыми стилінің негізгі қағидағтарының бірі – шет тілдің лексика мен мақал-мәтелдерді, діни дереккөздерді, тарихи және мәдени т.б. прецеденттік мәтіндерді енгізу арқылы жүзеге асырылатын «сыртқы көзқарас» әсерін жасауы.</p>
	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? <u>Толығымен жаңа:</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді. Автор мәселені жаңа қырынан қарап, бұрын жеткілікті деңгейде қарастырылмаған тұстарды терең зерделеген. Жұмыстың нәтижелері теориялық тұрғыда да, практикалық жағынан да маңызды, әрі отандық ғылымға қосар үлесі бар. Мәселен, – Ш. Уәлихановтың көпсалалы ғылыми мұрасын талдау негізінде тілдік тұлғаны қайта жаңғыртудың лингвистикалық</p>

		<p>әзірлемесі жасалып, қазақтың ұлы ғалымының тілдік тұлғасы ғылыми айналымға енгізуі – жаңа.</p> <p>– Дискурсивті тәжірибелер мен Ш. Уәлиханов мәтіндері корпусының материалы негізінде тілдік тұлға категориясының сипаттамасы жасалып, тілдік тұлға портретінде жұмсалымдық маңыздылығының саралануы – жаңа.</p> <p>Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасының ерекшеліктері алғаш рет когнитивті-прагматикалық аспектіде кешенді түрде зерттелуі – жаңа.</p> <p>– Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасын бірнеше аспектіде: аксиологиялық, когнитивті, стилистикалық, дискурсивті т.б. қырларынан қарастыру нәтижесінде – жаңа.</p> <p>Иә, жаңа және негізделген деп санауға болады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><u>толығымен жаңа:</u></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	
<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дәйірлік бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Р. Сыздық, Ж. Манкеева, З.К. Ахметжанова, Б.К. Момынова, Г.Б. Малиева, Н.И. Гайнуллина, Қ. Есенова, Ж.Б. Саткенова, З.А. Муканова, Т.Е. Шенина, Ф.Б. Қожахметова, Ж.Б. Ермекова, А.Б. Жұминова, Ш.С. Ниятова, З.А. Абдуллина, Е. Оспанов сынды отандық зерттеушілердің; Ю.Н. Караулов, В.В. Красных, В.И. Карасик, Г.В. Кочеткова, О.Н. Мальцева, О.В. Сиротинина, В.Я. Парсамова, М.С. Силантьева, Е.А. Алексеева, Г.Г. Слышкин, Е.В. Иванцова, Т.А. Чеботникова, А.В. Пузырев, С.Г. Воркачев, Ю.Е. Арекеева, М.А. Шарданова сияқты орыс зерттеушілерінің, сонымен қатар Т. Ван Дейк, К. ЛевиСтросс, К. Лоренц, Дж. Келли, А. Маслоу, Л. Фестингер, О.С. Иссерс, Джон Р. Серл, Дебора Таннен, Пенелопа Браун, Стивен</p>

		<p>Левинсон, Делл Хаймс, Майкл Холлидэй, Пол Трайс, Рут Водак т.б. шетелдік ғалымдардың тілдік тұнғаға қатысты зерттеулері мен тұжырымдары басшылыққа алынған.</p>
<p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p>	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиялды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиялды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>кең</p>	<p>Диссертант ғылыми жұмыстың қорытындылары мен нәтижелерін, тұжырымдарын Scopus деректер базасындағы жүрнәтиждарда, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған отандық басылымдарда, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 12 мақала жарияланған. Барлық тұжырым желкілікті түрде дәлелденген. Диссертант логикалық тұжырымдарды дәйекті түрде келтіріп, қажетті теориялық негіздемелер мен мысалдарды ұсынған. Дәлелдеу процесі ғылыми талаптарға сай орындалған. Тривиялды емес. Жаңа.</p>

	<p>4) Бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
<p>Дәйектілік қағидағы.</p>	<p>8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p>	<p>Әдіснаманы тандау – негізделген. Зерттеудің әдіснамалық негіздерін жұмсалымды, прагматлингвистика, когнитивті лингвистика, әлеуметтік лингвистика, мәтін лингвистикасы, дискурс лингвистикасы, лингвомәдениеттаным аспектілері құрайды. Сөйкесінше, зерттеудің әдіс-тәсілдері сараланған. Жұмыс барысында сипаттамалы әдіс; ғалым қолданысындары лексиканың семантикалық ерекшеліктерін анықтау, лексикалық құралдардың мазмұнын ашу үшін компоненттік талдау әдісі мен тілдік бірліктерді концептуалды талдау; лингвистикалық деректерді жіктеуге мүмкіндік беретін таксономиялық әдіс-тәсілдер қолданылған.</p>
<p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p>	<p>Диссертанг зерттеу барысында компьютерлік бағдарламаларды қолданған. Мәселен, Ш. Уәлихановтың тілдік тұлғасын және сөйлеу мұрасын қабылдауды зерделеуге бағытталған әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама нәтижелері диаграммалар түрінде берілген (120-130 бб.).</p>
	<p>ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	

	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін негізделер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>бөлімінде әлеуметтік лингвистикалық дискурс мәнініңіндегі Ш.Уалихановтың тілдік тұлғасын анықтау мақсатында диссертант әлеуметтік лингвистикалық сауалнама жүргізген. Экспериментке 200-ден астам адам қатысқан. Бұл сауалнамаға әртүрлі ұлттық-тілдік қауымдастықтардың өкілдері өздерінің бірегей тәжірибесі мен сұрақтарды орташа қатысушы тұрғысынан түсіндірген. Сауалнама сонында қорытындылар мен тұжырымдар ұсынылған.</p>
	<p>8.4 Маньызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Маньызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыста 175 ғылыми әдебиет қолданылған. Р. Сыздық, Ж. Манкеева, З.Қ. Ахметжанова, Б.Қ. Момынова, Г.Б. Мадиева, Н.И. Гайнуллина, К. Есенова, Ж.Б. Сагкенова, З.А. Муканова, Т.Е. Пшенина, Ф.Б. Қожахметова, Ж.Б. Ермакова, А.Б. Жуминова, Ш.С. Ниятова, З.А. Абдуллина, Е. Оспанов сынды отандық зерттеушілердің; Ю.Н. Караулов, В.В. Красных, В.И. Карасик, Г.В. Кочеткова, О.Н. Малыцева, О.В. Сиротинина, В.Я. Парсамова, М.С. Силантеева, Е.А. Алексеева, Г.Г. Слышкин, Е.В. Иванцова, Т.А. Чеботникова, А.В. Пузырев, С.Г. Воркачев, Ю.Е. Арекеева, М.А. Шарданова сияқты орыс зерттеушілерінің, сонымен қатар Т. Ван Дейк, К. ЛевиСтросс, К. Лоренц, Дж. Келли, А. Маслоу, Л. Фестингер, О.С. Иссерс, Джон Р. Серл, Дебора Таннен, Пенелопа Браун, Стивен Левинсон, Делл Хаймс, Майкл Холлидэй, Пол Грайс, Рут Водак т.б. шетелдік ғалымдардың тілдік тұлғаға қатысты зерттеулері мен тұжырымдары сілтеме ретінде алынған.</p>
<p>Практикалық</p>	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Жалпы саны – 175 еңбек.</p> <p>Диссертацияның теориялық маньызы бар. Лингвотүлғағаным,</p>

Күндізлік кағидағы	<p>Маңызы:</p> <p>1) бар;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>дискурсология және когнитология секілді бағыттарды одан әрі дамытуға үлес қосалды. Жұмыста тілдік тұлға, лингвотұлғатаным, дискурс теориясын жетілдіруге негіз бола алады. Сондай-ақ зерттеу нәтижелерін ғалым идиостили мәселелерін әрі қарай терең зерделеуге пайдалануға болады; зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдар ғаламның тілдік бейнесі мен тілдік тұлға теориясын дамытуға өзіндік үлес қосады.</p>
Жазу және ресімдеу сапасы	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>ия;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>толығымен жаңа:</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).</p> <p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>жоғары;</p> <p>орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жоғары оқу орындарында жүргізілетін лингвотұлғатаным, когнитивтік лингвистика, когнитивтік-дискурсивті тапдау теориясы мен тәжірибесі, тілдік тұлға теориясы мен дискурс теориясы курстарының білім мазмұнында қолдануға болады.</p> <p>Практикалық ұсыныстар зерттеу нәтижелерінен тікелей алынған және нақты салаға немесе проблемалық аймаққа жаңашыл шешімдер ұсынады. Олар бұрын жарияланбаған, сол себепті диссертацияның практикалық маңыздылығын арттырады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың тілі мен стилі академиялық жазу талаптарын толық қанағаттандырады. Жұмыс жазу барысында қолданылған сөз орамдары, синтаксистік күрделі құрылымдар логикалық сабақтастыққа құрылған. Мазмұнның берілуін қамтамасыз ететін лексикалық бірліктер мен грамматикалық формалардың қолданылуы әдеби тіл нормаларына сәйкес келеді. Орфографиялық және пунктуациялық тұрғыдан сауатты жазылған. Бұл санамалап көрсетілген шарттар еңбектің академиялық жазу сапасын жоғары деп санауға негіз болды.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың тілі мен стилі академиялық жазу талаптарын толық қанағаттандырады. Дәй тұранмен, «болып табылады» (5-бет, 91-бет), «болып саналады» (69-бет, 81-бет), «өткізген болатынбыз» секілді стильдік қателер, «себебі», «сондықтан» шығуларынан кейін үтір қою кездеседі (67-бет,</p>
Диссертацияға ескертулер		

<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>73-бет).</p> <p>Диссертант жұмысының мазмұны бойынша жарияланымдарының жалпы саны – 12. Ғылыми жұмыстың қорытындылары мен нәтижелерін, тұжырымдарын Scopus деректер базасындағы журналдарда, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған отандық басылмаларда, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланған.</p> <p>Мақалалары диссертацияның теориялық негізін құрайтын тараулармен сәйкеседі, олардың ғылыми деңгейі жоғары. Мақалаларда зерттеу тақырыбының өзектілігі ғылыми негізделген. Зерттеу әдістері заманауи талаптарға сәйкес, алынған нәтижелер ғылыми жанаалық ретінде қарастыруға лайық. Автор ұсынған тұжырымдар нақты дәлелдермен негізделген. Мақала халықаралық деңгейдегі журналда жарияланған, бұл оның сапасын және ғылыми қауымдастықтары маңыздылығын дәлелдейді.</p> <p>«6D021300 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша филология (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған Избасарова Эльвира Иманалиевнаың «Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасы» атты диссертациялық жұмысы талапқа сай жазылған еңбек деп санаймыз. Диссертациялық жұмыстың авторы Избасарова Эльвира Иманалиевнаға Филология (PhD) докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.</p>
<p>Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)</p>		

Ресми рецензент:

**М. Қозыбаев атындағы Солтүстік
Қазақстан университеті, PhD,
қауымдастырылған профессор**
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

[Signature]
(қолы)

Мухамеджанова Гүлмира Астемировна
(аты-жөні)

[Signature]
Гүлмира Астемировна



[Signature]
HR қызметінің директоры